

"Ұйымдардың жұмыскерлері мен халықты өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту қағидаларын және өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту жөніндегі оқу бағдарламаларының мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2014 жылғы 9 маусымдағы № 276 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 16 қыркүйектегі № 777 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 27 қазанда № 12198 болып тіркелді.

"Азаматтық қорғау туралы" 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 44) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Ұйымдардың жұмыскерлері мен халықты өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту қағидаларын және өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту жөніндегі оқу бағдарламаларының мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2014 жылғы 9 маусымдағы № 276 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9510 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылғы 16 шілдеде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Ұйымдардың жұмыскерлері мен халықты өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту қағидалары және өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту жөніндегі оқу бағдарламаларының мазмұнына қойылатын талаптар осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті (В.В. Петров) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқық актілерінің Эталондық бақылау банкіне қосу үшін "Заң" деректер базасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалғаны туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары В.К. Божкоға және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитетіне (В.В.Петровқа) жүктелсін.

4. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Ішкі істер министрі

полиция генерал-полковнигі

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2015 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 777 бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрінің
2014 жылғы 9 маусымдағы
№ 276 бұйрығымен
бекітілген

Ұйымдардың қызметкерлері мен халықты өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту қағидаларын және өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту жөніндегі оқу бағдарламаларының мазмұнына қойылатын талаптар

1. Жалпы ереже

1. Осы Ұйымдардың қызметкерлері мен халықты өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту қағидалары және өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту жөніндегі оқу бағдарламаларының мазмұнына қойылатын талаптар (бұдан әрі – Қағидалар) "Азаматтық қорғау туралы" 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында әзірленген және ұйымдардың қызметкерлері мен халықты өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту тәртібін және өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту жөніндегі оқу бағдарламаларының мазмұнына қойылатын талаптарды айқындайды.

2. Ұйымдардың қызметкерлерін оқыту тәртібі және өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту жөніндегі оқу бағдарламаларының мазмұнына қойылатын талаптар

2. Ұйымдарда жұмыс істейтін халықты оқыту өртке қарсы нұсқама және өрт-техникалық минимум түрінде жүзеге асырылады.

3. Ұйымдарда өртке қарсы нұсқама қызметкерлерге өрт қауіпсіздігінің негізгі талаптарын жеткізу, өндірістер мен жабдықтың технологиялық процестерінің өрт қауіптілігін, өртке қарсы қорғау құралдарын, сондай-ақ өрт шыққан жағдайда олардың әрекет етуін зерделеу мақсатында жүргізіледі.

4. Өрт қауіпсіздігі жөніндегі нұсқама және сабақтар көрнекі құралдармен жабдықталған үй-жайда өткізіледі.

5. Өртке қарсы нұсқама осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес Өртке қарсы нұсқаманың үлгі бағдарламасы бойынша (бұдан әрі - Бағдарлама) ұйым басшысы немесе өрт қауіпсіздігіне жауапты адам жүргізеді.

Өртке қарсы нұсқаманы жүргізу кезінде ұйым қызметінің ерекшелігі ескеріледі.

6. Өртке қарсы нұсқама ұйымның қызметкерлерін "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі - Заң) 61-бабының талаптарымен таныстыруды қамтиды.

7. Сипаты және өткізу уақыты бойынша өртке қарсы нұсқама: кіріспе, алғашқы, қайта, жоспардан тыс және мақсатты болып бөлінеді.

8. Кіріспе, алғашқы, қайта, жоспардан тыс және мақсатты өртке қарсы нұсқамалар, Өрт-техникалық минимумды жүргізу бағдарламалары ұйым басшысымен бекітіледі.

9. Кіріспе, алғашқы, қайта, жоспардан тыс, мақсатты өртке қарсы нұсқамалардың жүргізілгені және қызметкерді жұмысқа жіберілгені туралы жазба өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқамалар өткізуді есепке алу журналына осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жазылады.

10. Кіріспе өртке қарсы нұсқама:

1) біліміне, кәсібі (лауазымы) бойынша жұмыс өтіліне қарамастан, жаңадан қабылданған барлық қызметкерлермен;

2) уақытша және маусымдық қызметкерлермен;

3) өндірістік оқуға немесе практикаға келген білім алушылармен және студенттермен жүргізіледі.

11. Кіріспе және алғашқы өртке қарсы нұсқама Заңының 61-бабының талаптарын ескере отырып, бағдарлама бойынша жүргізіледі.

12. Кіріспе өртке қарсы нұсқама қызметкер алған ұйымда белгіленген өртке қарсы режимді сақтау дағдысы мен білімін тексерумен, өрт шыққан кездегі іс-қимылдарды практикалық жаттығумен және өрт сөндіру құралдары мен өртке қарсы қорғаныс жүйелерін білуін тексерумен аяқталады.

13. Кіріспе нұсқамадан өтпеген адамдар қызметтік міндеттерін атқаруға жіберілмейді.

14. Алғашқы өртке қарсы нұсқама өндірістік объектілерде, сақтау және сауда объектілерінде, сондай-ақ адамдар жаппай болатын объектілерде тікелей жұмыс орнында жүзеге асырылады.

15. Алғашқы өртке қарсы нұсқама:

- 1) барлық жаңадан қабылданған қызметкерлермен;
- 2) бір бөлімшеден басқасына ауысқан қызметкерлерімен;
- 3) ауысқан жағдайда, олар үшін жаңа жұмысты орындайтын қызметкерлермен, іссапарға жіберілген уақытша қызметкерлермен;
- 4) маусымдық қызметкерлермен;
- 5) ұйым аумағында құрылыс-монтаждау жұмысты орындайтын құрылыс саласының мамандарымен;
- 6) өндірістік оқуға немесе практикаға келген білім алушылармен және студенттермен жүргізіледі.

16. Алғашқы өртке қарсы нұсқама алғашқы өрт сөндіру құралдарын пайдалануды, өрт шыққан кездегі іс-қимылдарды, эвакуациялау қағидаларын, зардап шеккендерге көмек көрсетуді практикалық көрсете және дадылануын пысықтай отырып, әрбір қызметкермен жеке-жеке жүргізіледі, сондай-ақ біртекті жабдыққа қызмет көрсететін адамдар тобымен және жалпы жұмыс орнының шегінде жүргізіледі.

17. Өртке қарсы қайта нұсқама ұйым басшысы бекіткен сабақтарды өткізу кестесіне сәйкес мынадай кезеңділікпен жылына кемінде 1 рет жүргізіледі:

- 1) білім беру, денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғау объектілерде – кемінде жарты жылда бір рет;
- 2) өндірістік объектілерде, сақтау және сауда объектілерінде, адамдар көп жиналатын объектілерде – жылына бір рет;
- 3) адамдар көп жиналатын объектілерге жатпайтын қоғамдық ғимараттарда – 2 жылда бір рет.

18. Өртке қарсы қайта нұсқаманы жеке немесе жалпы жұмыс орнының шегінде біртекті жабдыққа қызмет көрсететін адамдар тобы жүргізеді.

19. Өртке қарсы қайта нұсқама барысында өрт қауіпсіздігі саласындағы қызметті реттейтін нормативтік құқықтық актілерді білуі, алғашқы өрт сөндіру құралдарын пайдалана білуі, эвакуациялау жолдарын, өрт туралы хабарлау жүйелерін және адамдарды эвакуациялау жөніндегі іс-шараларды білуі тексеріледі.

20. Жоспардан тыс өртке қарсы нұсқама:

- 1) өндірістің технологиялық процесін өзгеру, жабдықты, құралдарды, негізгі шикізатты, материалдарды ауыстыру немесе жаңғырту кезінде;
- 2) ұйым қызметкерлері өрттің шығуына әкелген немесе әкелуі мүмкін өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзған кезде;
- 3) өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылаудың лауазымды адамдары ұйымға өрт-техникалық тексеру жүргізу барысында ұйым қызметкерлерінің білімінің жеткіліксіз екенін анықтаған кезде олардың ұйғарымы (тексеру нәтижелері туралы акт) бойынша өрт қауіпсіздігі шараларын қосымша зерделеу үшін;
- 4) ұқсас өндірістерде, ғимараттар мен құрылыстарда шыққан өрттер туралы ақпараттық материалдар келіп түскен кезде;

5) ұйым қызметкерлерінің өрт қауіпсіздігі талаптарын қанағаттанарлықсыз білу фактілері анықталған кезде жүргізіледі.

21. Жоспардан тыс өртке қарсы нұсқаманы жеке немесе ортақ жұмыс орны шегінде біртекті жабдықтарға қызмет көрсететін қызметкерлер жүргізеді. Жоспардан тыс өртке қарсы нұсқаманың мазмұны әрбір нақты жағдайда оны өткізудің қажеттілігінен туындаған себептер мен жағдайларға байланысты анықталады.

22. Мақсатты өртке қарсы нұсқама:

1) жоғары өрт қауіптілігімен және басқа да отты жұмыстармен (ашық отты пайдаланатын, ұшқын түзетін, газ-ауа, бу-ауа және тозаң-ауа қоспаларының, өзге де жанғыш заттардың (электрмен және газбен дәнекерлеу, бензинмен кесу, дәнекерлеу шамдарын, факелдерді, шілтерлерді пайдаланатын жұмыстар, битум қайнату және жылу мен ұшқын шығаратын басқа да жұмыстар) тұтануы (өздігінен тұтануы) мүмкін температураға дейін жабдықты, аспапты, материалдарды қыздыратын жұмыспен) байланысты біржолғы жұмыстарды орындау кезінде;

2) төтенше жағдайлар салдарын жою кезінде;

3) рұқсат-наряд ресімделетін жұмыстарды жүргізу кезінде, жарылыс қауіпті өндірістерде отты жұмыстарды жүргізу кезінде;

4) ұйымдар мен өндірістерде экскурсиялар жүргізу кезінде;

5) адамдар жаппай жиналатын іс-шараларды ұйымдастыруға дайындық кезінде жүргізіледі.

23. Мақсатты өртке қарсы нұсқама қызметкерлердің ұйымдарда алған белгіленген өртке қарсы сақтау дағдылары мен білімдерін тексеру, өрт туындаған кездегі іс-қимылдарға практикалық машықтануы және өрт сөндіру құралдарын және өртке қарсы қорғау жүйесін білулерін тексеру арқылы аяқталады.

24. Қанағаттандыратын білімін көрсеткен адамдар өздігінен жұмысқа шығуына жол берілмейді және нұсқамадан қайта өтеді.

25. Өрт қауіпсіздігі саласындағы, өртке қарсы режим, ұйымның технологиялық процесі мен өндірісінің өрт қауіптілігі, сондай-ақ ұйымда өрт шыққан кезде өрттің алдын алу, өрт кезінде адамдардың өмірін, денсаулығын және мүлікті сақтау бойынша практикалық дағдыларды машықтандыруға мүмкіндік беретін тәсілдер мен іс-қимылдар бөлігінде нормативтік құқықтық актілердің талаптарын білу көлемінде өрт-техникалық минимумға оқытуға осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес өрт-техникалық минимумына міндетті оқытылатын қызметкерлер тізбесінде келтірілген адамдар жатады.

26. Қызмет бағытына қарамастан, ұйымдардың басшылары, мамандары мен қызметкерлерін өрт-техникалық минимумына оқыту жұмысқа қабылдағаннан кейін бір ай ішінде және кейіннен соңғы оқытудан өткен күнінен бастап 3 жылда кемінде бір рет өткізіледі.

27. Өрт-техникалық минимумын оқыту өндірістен қол үзіп және өндірістен қол үзбей ұйымдастырады.

28. Оқу орталықтарында өндірістен қол үзіп өрт-техникалық минимумын оқытудан:

1) басшылар және өрт қауіпсіздігіне жауапты адамдар;

2) өндірістік объектілер мен өндірістің жарылыс-өрт және өрт қауіптілігі бойынша А, Б, В санаттарындағы сақтау объектілерінің, адамдар жаппай болатын объектілердің қызметкерлері;

3) газбен, электрмен дәнекерлеу, бензинмен жұмыс істейтін, қыздыру шамдарымен, шырақтармен, күйдіргіштермен, битуммен жұмыс істейтін және жылу бөлетін әрі ұшқын шашатын жұмыстарды жүргізетін қызметкерлер;

4) басшының шешімімен жұмысшылар өтеді.

29. Өндірістен қол үзбей өрт-техникалық минимумын оқытудан:

1) өрт қауіпті жұмыстарды (желіммен, мастикалармен, битуммен, полимерлермен және өзге де жанғыш заттар мен материалдармен, газбен дәнекерлеу жұмыстары, электр дәнекерлеу жұмыстары, металл кесу, дәнекерлеу жұмыстары және басқа да өрт қауіпті жұмыстар) жүзеге асыратын қызметкерлер;

2) ауыл шаруашылығы ұйымдарының қызметкерлері;

3) педагогикалық қызметкерлер;

4) электриктер;

5) жеке меншік күзет ұйымдарының күзетшілерінен басқа, ұйымдарды күзетуді жүзеге асыратын қызметкерлер;

б) автожанармай құю станцияларының қызметкерлері өтеді.

30. Өрт-техникалық минимум бағдарламасы бойынша оқытуды оқу орталықтарында оқудан өткен, ұйым басшысы немесе өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты адам тікелей ұйымда жүргізеді.

31. Өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту жөніндегі оқу бағдарламаларының мазмұнына қойылатын талаптар мыналарды қамтиды:

1) өрт-техникалық минимумына оқыту бағдарламасы, сағат саны осы Қағидаларға 4 -қосымшаға сәйкес кәсіби қызметінің ерекшелігін, лауазымы бойынша міндеттерді атқару ерекшеліктерін және салалық құжаттардың ережелерін ескере отырып, білім алушылардың әр санаты үшін жасалады;

2) материалдарды қалыптастыру кезінде өрт-техникалық минимумы бойынша оқыту кәсіби қызмет ерекшелігін ескере отырып, білім алушылардың әр санаты үшін өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құқықтық актілер басшылыққа алынады;

3) практикалық сабақтарды өткізу кезінде алғашқы өрт сөндіру құралдарын пайдалануға, өрт шыққан кездегі іс-қимылдарды пысықтауға, эвакуациялау және зардап шеккендерге көмек көрсетуге оқыту кезінде қолдануы тиіс.

32. Өрт-техникалық минимумын оқыту аяқталғаннан кейін кемінде үш адамнан құрылған біліктілік комиссиясы өрт қауіпсіздігі талаптарын білуін тексеру жүргізеді, комиссия құрамын ұйым және оқу орталықтарының басшысы белгілейді.

33. Өндірістен қол үзу арқылы оқудан өткен қызметкерлердің білімін тексеруді жүзеге асыратын біліктілік комиссиясының құрамына азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесімен келісім бойынша өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау жөніндегі мемлекеттік инспектор енгізіледі.

34. Емтихан соңында тестілеудің және (немесе) ауызша емтиханның нәтижелері бойынша құрастырылған осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өрт-техникалық минимумы көлемінде өрт қауіпсіздігі бойынша білімдерді тексеру жөніндегі біліктілік комиссиясы отырысының хаттамасына біліктілік комиссиясының мүшелерімен қол қойылады.

35. Емтихандарды ойдағыдай тапсырған адамдарға осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оқу орталығының басшысы қол қойылған өрт-техникалық минимум көлемінде өрт қауіпсіздігі саласындағы білімін тексеру бойынша біліктілік куәлігі беріледі.

36. Емтихан тапсыра алмаған адам біліктілік емтиханның нәтижесі бойынша емтиханнан өтпеген адам деп танылып, сол күннен бастап бір айдан кешіктірмей қайта тапсырады. Қайта тексеруге дейін қызметкер дербес жұмыс істеуге жіберілмейді.

3. Жұмыспен қамтылмаған халықты өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту тәртібі

37. Жұмыспен қамтылмаған халықты өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту:

1) оқу кезінде "Тіршілік әрекеттерінің қауіпсіздік негіздері" курсы шеңберінде тиісті бағдарламалар бойынша жалпы білім беру мекемелерінде, ал "Тіршілік әрекеттері қауіпсіздігі" бағдарламасы бойынша арнайы орта және жоғары оқу орындарында сабақтар өткізуді;

2) өрт-техникалық орталықтары базаларында дәрістер, әңгімелесулер, оқу фильмдерін қарау, тақырыптық кештер, экскурсиялар, жалпы білім беру мекемелерінде, арнайы орта және жоғары оқу орындарында оқудан тыс кезде конкурстар, өртке қарсы тақырыпта викториналар өткізуді;

3) жарылыс, өрт қауіпті заттар мен материалдарды қолдануға, үй-жайларда адамдар жаппай болатын мәдени және спорттық іс-шаралар өткізуге байланысты сабақтар басталмас бұрын өртке қарсы нұсқаманы;

4) мемлекеттік өртке қарсы қызмет қызметкерлерінің халықпен әңгімелесулер, дәрістер өткізуді, оқу фильмдерін қарауды;

5) халықты тұрғылықты жері бойынша оқулар мен жаттығуларға қатысу үшін тартуды;

6) мемлекеттік органдардың ресми интернет ресурстарында ақпаратты, қоғамдық орындарда, теледидар және радиоарналарында әлеуметтік жарнаманы орналастыруды;

7) қоғамдық орындарда, сондай-ақ адамдар көп жиналатын жерлерде билбордтарды, баннерлерді орнатуды, бейне және аудио сөз сөйлеулерді көрсетуді қамтиды.

38. Халықты оқыту кезінде жыл мезгілі мен ауа райы жағдайларына байланысты өрт қауіптілігінің өзгеруі ескеріледі.

39. Күзгі-қысқы кезеңде оқу жылыту және жылу беру қондырғылары мен электр құралдарын пайдалану мәселелері бойынша жүргізіледі.

40. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары жыл сайын жылу беру маусымы алдында елді мекендерде өрт қауіпсіздігі айлығын жүргізеді.

41. Көктемгі кезеңде халықпен қоқысты, қалдықтарды және бос ыдысты жағу кезінде өрт қауіпсіздігі шараларын сақтау туралы әңгімелесулер мен нұсқамалар жүргізеді.

42. Жазғы кезеңде орман және дала алқаптарындағы өрт қауіпсіздігі талаптары туралы нұсқамалар жүргізіледі.

Ұйымдардың қызметкерлері мен
халықты өрт қауіпсіздігі шараларына
оқыту қағидаларына және өрт қауіпсіздігі
шараларына оқыту жөніндегі оқу
бағдарламаларының мазмұнына
қойылатын талаптарға
1-қосымша

Өртке қарсы нұсқаманың үлгі бағдарламасы

1. Өрт және жарылыс қауіптілігі жағдайлары бойынша ұйымның (өндірістің) ерекшелігі мен өзгешіліктері туралы жалпы мәліметтер.

2. Қызметкерлердің міндеттері және олардың өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтауға жауапкершілігі.

3. Ұйымдағы өртке қарсы режиммен таныстыру.

4. Өртке қарсы режимді сақтау жөніндегі бұйрықтармен, өрт қауіпсіздігі жөніндегі нұсқамалармен таныстыру.

5. Өрттің алдын алу және оны сөндіру бойынша жалпы шаралар:

құрылымдық бөлімшелердің, цехтарды, учаскелердің басшылары үшін (гидранттар мен ішкі өрт крандарын тексеру және сынау, өрт сөндіргіштерді, автоматты өрт сөндіру және дабыл құралдарын зарядтау мерзімдері, цех немесе учаске персоналын алғашқы нұсқамадан өткізу бағдарламасымен таныстыру, жеке және ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және тағы басқа да өрт қауіпсіздігі талаптары мен қағидалары);

қызметкерлер үшін (жану немесе өрт кезіндегі іс-әрекеттер, өрт туралы өрт сөндіру бөліміне және тікелей басшыға хабарлау, жануды немесе өртті сөндіру тәсілдері мен

құралдары, жеке және ұжымдық қауіпсіздік құралдары мен шаралары, объектіде белгіленген өртке қарсы режимді білу және сақтау).

6. Алғашқы өрт сөндіру құралдарының, гидранттардың, су қоры мен құм, эвакуациялау жолдары мен шығу жолдарының орналасу орындарымен танысу (эвакуациялау жоспарына сәйкес). Тиісті үй-жайлар мен аумақтарды аралау.

7. Қолданылатын шикізаттың, материалдардың және дайындалатын өнімнің өрт қауіпті қасиеттері. Технологиялық үдерістің өрт қауіптілігі.

8. Өрт сөндіргіштердің түрлері және оларды өрттің сыныбына (жанғыш заттың түріне, жабдықтың ерекшелігіне) қарай қолдану.

9. Электр қондырғылары мен өндірістік жабдықты сөндіру кезіндегі талаптар. Өрт кезінде және эвакуациялау жолында қою түтіндеген кезде нұсқамадан өтушінің жүріс-тұрысы мен іс-қимылы.

10. Өрт туралы хабарлау тәсілдері. Өрт шыққан кездегі жеке қауіпсіздік шаралары. Зардап шеккендерге дәрігерге дейінгі көмек көрсету тәсілдері.

11. Практикалық сабақ.

Ұйымдардың қызметкерлері мен халықты өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту қағидаларына және өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту жөніндегі оқу бағдарламаларының мазмұнына қойылатын талаптарға
2-қосымша
нысан
(ұйымның атауы)

Өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқамалар өткізуді есепке алу

№ ___ журналы

Журналды жүргізуді бастаған күні 20 __ ж. " __ " _____

Журнал жүргізуді аяқтаған күні 20 __ ж. " __ " _____

(ішкі жағы)

р/с №	Нұсқаманы өткізген күні	Нұсқамадан өтушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)	Нұсқамадан өтушінің лауазымы (кәсібі)	Нұсқама түрі	Нұсқаманы өткізген адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)	Нұсқаманы өткізген адамның лауазымы	Нұсқамадан өтушінің қолы	Нұсқаманы өткізген адамның қолы
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Ескертпе:

өрт қауіпсіздігі жөніндегі нұсқамаларды өткізуді есепке алу журналы нұсқамалардың барлық түрлеріне немесе ұйым басшысының шешімі бойынша нұсқаманың әр түрі үшін бөлек ресімделеді.

Ұйымдардың қызметкерлері мен халықты өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту қағидаларына және өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту жөніндегі оқу бағдарламаларының мазмұнына қойылатын талаптарға
3-қосымша

Өрт-техникалық минимумына міндетті оқытылатын қызметкерлер тізбесі

1. Басшылар және өрт қауіпсіздігіне жауапты адамдар.
2. Өндірістік объектілер мен өндірістің жарылыс-өрт және өрт қауіптілігі бойынша А, Б, В санаттарындағы сақтау объектілерінің, адамдар жаппай жиналатын объектілердің қызметкерлері.
3. Дәнекерлеу шамдарын, шырақтарды, күйдіргіштерді пайдалану арқылы газбен, электрмен дәнекерлеу, бензинмен кесу жұмыстарын, битумды дәнекерлеуді және жылу бөлетін әрі ұшқын шашатын жұмыстарды жүргізетін қызметкерлер.
4. Өрт қауіпті жұмыстарды (желіммен, мастикалармен, битуммен, полимерлермен және өзге де жанғыш заттар мен материалдармен, газбен дәнекерлеу жұмыстары, электр дәнекерлеу жұмыстары, металл кесу, дәнекерлеу жұмыстары және басқа да өрт қауіпті жұмыстар) жүзеге асыратын қызметкерлер.
5. Ауыл шаруашылығы ұйымдарының қызметкерлері.
6. Педагогикалық қызметкерлер.
7. Элекриктер.
8. Жеке меншік күзет ұйымдарының күзетшілерінен басқа, ұйымдарды күзетуді жүзеге асыратын қызметкерлер.
9. Автожанармай құю станцияларының қызметкерлері.

Ұйымдардың қызметкерлері мен халықты өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту қағидаларына және өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту жөніндегі оқу бағдарламаларының мазмұнына қойылатын талаптарға 4-қосымша

**Өрт-техникалық минимумына оқыту бағдарламасы
Өндірістің жарылыс-өрт және өрт қауіптілігі бойынша
санаттардағы өндірістік объектілер мен сақтау
объектілерінің басшылары мен өрт қауіпсіздігіне жауапты**

адамдарға арналған тақырыптық жоспар мен үлгілік оқу бағдарламасы

р/с №	Тақырыптың атауы	Сағат саны
1	Өрт қауіпсіздігі саласындағы заңнамалық база. Негізгі ережелер.	2
2	Заттар мен материалдардың жану және өрт-жарылу қауіптілігі, ғимараттардың өрт қауіптілігі туралы жалпы ұғымдар.	2
3	Ұйымдағы өрт қауіптілігі.	4
4	Өрт қауіпті жұмыстар жүргізу, заттар мен материалдарды сақтау кезіндегі өрт қауіпсіздігі шаралары. Негізгі нормативтік құжаттама.	4
5	Эвакуациялау жолдарына қойылатын өрт қауіпсіздігі талаптары.	2
6	Ұйымдағы өрттен қорғау жүйелері туралы жалпы мәліметтер.	2
7	Ұйымда өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ұйымдастырушылық негіздері.	3
8	Қызметкерлердің өрт кезіндегі іс-қимылдары.	2
9	Практикалық сабақ.	3
Жалпы сағат саны		24

1-тақырып. Өрт қауіпсіздігі саласындағы заңнамалық база. Негізгі ережелер

Өрт қауіпсіздігі қағидалары мен нормаларын бұзғаны және (немесе) орындамағаны үшін өрт жауапкершілігі саласындағы негізгі нормативтік құқықтық актілерді зерделеу.

2-тақырып. Заттар мен материалдардың жану және өрт-жарылу қауіптілігі, ғимараттардың өрт қауіптілігі туралы жалпы ұғымдар

Жану туралы жалпы мәліметтер. Заттар мен материалдардың жарылу-өрт қауіпті қасиеттерін сипаттайтын көрсеткіштер. Ұй-жайларды, ғимараттарды, құрылыстар мен технологиялық процестерді өрт-жарылу қауіптілігі бойынша санатқа бөлу және жіктеу. Құрылыс материалдарын жану топтары бойынша жіктеу. Отқа төзімділік шегі мен жалынның таралу шегі туралы ұғым. Ғимараттар мен құрылыстардың отқа төзімділік дәрежесі туралы ұғым. Құрылымдарды оттан қорғау тәсілдері.

3-тақырып. Ұйымдағы өрт қауіптілігі

Өндірістің өрт қауіптілігін реттейтін негізгі нормативтік құжаттар. Жылу беру және желдету жүйелерінің өрт қауіптілігі. Жылу беру және желдету жүйелерін орнату кезіндегі өрт қауіпсіздігі шаралары.

Электр тогынан өрт шығу себептері және олардың алдын алу шаралары. Жарылыс қауіпті және өрт қауіпті аймақтарды жіктеу. Найзағайдың тікелей соққысы мен оның қайта көрініс беруінің өрт қауіптілігі. Ғимараттар мен құрылыстарды найзағайдан

қорғау құралдарының санаттары. Найзағайдан қорғағыштарды орнату жөніндегі негізгі ережелер. Статикалық электр және оның өрт қауіптілігі. Алдын алу шаралары.

4-тақырып. Өрт қауіпті жұмыс жүргізу, заттар мен материалдарды сақтау кезіндегі өрт қауіпсіздігі шаралары

Отпен байланысты жұмыстардың түрлері және олардың өрт қауіптілігі. Отпен байланысты тұрақты және уақытша жұмыстар жүргізу бекеттері. Отпен байланысты жұмыстарды жүргізуге адамдарды жіберу тәртібі және олардың жүргізілуін бақылау. Жарылыс, өрт қауіпті үй-жайларда электрмен, газбен дәнекерлеу жұмыстарын, сондай-ақ өзге де отпен байланысты жұмыстарды жүргізу кезінде өрт қауіптілігінің ерекшеліктері.

Тез тұтанатын сұйықтықтардың, жанғыш сұйықтықтардың, жанғыш газдың өрт қауіпті қасиеттері. Жалпы объектілік қоймаларда, ашық алаңдарда, цехтің таратушы қоймаларында тез тұтанатын сұйықтықтарды, жанғыш сұйықтықтарды, жанғыш газды сақтау кезінде өрт қауіпсіздігі шаралары. Жұмыс орындарында, сырлау және өзге де өрт қауіпті жұмыстарды жүргізу кезінде тез тұтанатын сұйықтықтарды, жанғыш сұйықтықтарды, жанғыш газды қолданудағы өрт қауіпсіздігі шаралары. Тез тұтанатын сұйықтықтарды, жанғыш сұйықтықтарды, жанғыш газды тасымалдау кезіндегі өрт қауіпсіздігі шаралары.

5-тақырып. Эвакуациялау жолдарына қойылатын өрт қауіпсіздігі талаптары

Эвакуациялау жолдары. Эвакуациялау жолдары мен эвакуациялық шығу жолдарын анықтау. Эвакуациялау жолдарына қойылатын өрт қауіпсіздігі талаптары. Эвакуациялау жолдарының түтіндеуін болдырмайтын іс-шаралар. Пайдаланудағы объектілерде өрт шыққан жағдайдағы эвакуациялау жоспары. Өрт кезінде адамдарды эвакуациялау туралы шұғыл хабарлау жүйесі. Адамдарды эвакуациялау бойынша оқу-жаттығулар ұйымдастыру.

6-тақырып. Ұйымдағы өрттен қорғау жүйелері туралы жалпы мәліметтер

Алғашқы өрт сөндіру құралдары. Өрт сөндіргіштерді орнату, тактикалық-техникалық сипаттамасы және пайдалану қағидалары.

Сыртқы және ішкі сумен жабдықтау, мақсаты, құрылысы. Өрт крандары, оларды орналастыру және бақылау. Өрт кезінде қолдану қағидалары.

Автоматты өрт сөндіру және дабыл жүйелерінің мақсаты, қолдану саласы. Өрт дабылы, өрт хабарлағыштары станцияларын жіктеу, негізгі параметрлері. Монтаждау

және пайдалану қағидалары. Техникалық қызмет көрсету және жүйелердің жұмыс қабілеттілігін бақылау. Сумен, көбікпен, газбен және ұнтақпен өрт сөндіру жүйелерінің жұмыс істеу қағидалары, құрылғысы.

Түтіннен қорғау қондырғыларының мақсаты, түрлері, негізгі элементтері. Түтіннен қорғау жүйелеріне қойылатын нормалар мен ережелердің талаптары. Түтіннен қорғау жүйелерін пайдалану және тексеру.

7-тақырып. Ұйымда өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ұйымдастырушылық негіздері

Өрт-техникалық комиссия. Қызметкерлерге өрт қауіпсіздігі шараларын оқыту. Өртке қарсы нұсқама және өрт-техникалық минимум. Өрт қауіпсіздігі шаралары туралы нұсқама. Өртке қарсы іс-шараларды әзірлеу тәртібі. Ұйым қызметкерлерімен практикалық сабақтар. Өртке қарсы насихат. Өрт қауіпсіздігі бұрыштары.

"Өртке қарсы режим" терминінің ұғымы. Объект аумағындағы, жертөле және шатыр үй-жайларындағы өртке қарсы режим, үй-жайларды ұстау.

8-тақырып. Қызметкерлердің өрт кезіндегі іс-қимылдары

Өрттің дамуының жалпы сипаты мен ерекшеліктері. Өрт туралы хабарлау тәртібі. Өрт сөндіру бөлімшелері келгенге дейін от қауіпті және бағалы заттар мен материалдарды сөндіруді ұйымдастыру, адамдарды эвакуациялау. Өрт сөндіру бөлімшелерін қарсы алу. Өрттің таралуын болдырмау шаралары. Өрт сөндіру бөлімшелері келгеннен кейінгі іс-қимылдар.

9-тақырып. Практикалық сабақтар

Модельді өрт ошағында өрт сөндіргіштермен практикалық түрде таныстыру және жұмыс істеу. Өрт кранын қолдану бойынша жаттығу. Өрттен қорғау жүйелерімен практикалық түрде таныстыру. Адамдарды эвакуациялау бойынша жаттығулар.

Сынақ. Өрт-техникалық минимумы білімдерін тексеру.

Өндірістің жарылыс-өрт және өрт қауіптілігі бойынша санаттарындағы өндірістік объектілер мен сақтау объектілерінің жұмысшыларын арналған тақырыптық жоспар мен үлгілік оқу бағдарламасы

р/с №	Тақырыптың атауы	Сағат саны

1	Өрт қауіпті жұмыстарды жүргізу кезіндегі өрт қауіпсіздігі талаптарын регламенттейтін негізгі нормативтік құжаттар.	1
2	Заттар мен материалдардың жану және өрт-жарылу қауіптілігі қасиеттері, ғимараттардың өрт қауіптілігі туралы жалпы ұғымдар.	1
3	Ұйымдағы өрт қауіптілігі.	1
4	Өрт қауіпті жұмыс жүргізу, заттар мен материалдарды сақтау кезіндегі өрт қауіпсіздігі шаралары.	2
5	Эвакуациялау жолдарына қойылатын өрт қауіпсіздігі талаптары.	1
6	Өртке қарсы жабдықтар және мүкәммал, өрт кезінде пайдалану тәртібі	1
7	Қызметкерлердің өрт кезіндегі іс-қимылдары	2
8	Практикалық сабақ.	3
Жалпы сағат саны		12

1-тақырып. Өрт қауіпті жұмыстарды жүргізу кезіндегі өрт қауіпсіздігі талаптарын регламенттейтін негізгі нормативтік құжаттар

Өрт қауіпсіздігі саласындағы негізгі нормативтік құқықтық актілерді зерделеу. Отпен байланысты жұмыстарды жүргізу кезіндегі объектілік нұсқамалар, бұйрықтар, ұйым басшысының өкімдері.

2-тақырып. Заттар мен материалдардың жану және өрт-жарылу қауіптілігі қасиеттері, ғимараттардың өрт қауіптілігі туралы жалпы ұғымдар

Жану туралы жалпы мәліметтер. Заттар мен материалдардың жарылу-өрт қауіпті қасиеттерін сипаттайтын көрсеткіштер. Үй-жайларды, ғимараттарды, құрылыстар мен технологиялық үдерістерді өрт, жарылыс қауіптілігі бойынша санатқа бөлу және жіктеу. Құрылыс материалдарын жану топтары бойынша жіктеу. Отқа төзімділік шегі мен жалынның таралу шегі туралы ұғым. Ғимараттар мен құрылыстардың отқа төзімділік дәрежесі туралы ұғым. Конструкцияларды оттан қорғау тәсілдері.

3-тақырып. Ұйымдағы өрт қауіптілігі

Өндірістің өрт қауіптілігін регламенттейтін негізгі нормативтік құжаттар. Жылу беру және желдету жүйелерінің өрт қауіптілігі. Жылу беру және желдету жүйелерін орнату кезіндегі өрт қауіпсіздігі шаралары.

Өрттің электр тогынан шығу себептері және олардың алдын алу шаралары. Жарылыс қауіпті және өрт қауіпті аймақтарды жіктеу. Найзағайдың тікелей соққысы мен оның қайта көрініс беруінің өрт қауіптілігі. Ғимараттар мен құрылыстарды найзағайдан қорғау құралдарының санаттары. Найзағайдан қорғағыштарды орнату жөніндегі негізгі ережелер. Статикалық электр және оның өрт қауіптілігі. Алдын алу шаралары.

4-тақырып. Өрт қауіпті жұмыс жүргізу және заттар мен материалдарды сақтау кезіндегі өрт қауіпсіздігі шаралары

Отпен байланысты жұмыстардың түрлері және олардың өрт қауіптілігі. Отпен байланысты тұрақты және уақытша жұмыстар жүргізу бекеттері. Отпен байланысты жұмыстарды жүргізуге адамдарды жіберу тәртібі және олардың жүргізілуін бақылау. Жарылыс, өрт қауіпті үй-жайларда электрмен, газбен дәнекерлеу жұмыстарын, сондай-ақ өзге де отпен байланысты жұмыстарды жүргізу кезінде өрт қауіптілігінің ерекшеліктері.

Тез тұтанатын сұйықтықтардың, жанғыш сұйықтықтардың, жанғыш газдың өрт қауіпті қасиеттері. Жалпы объектілік қоймаларда, ашық алаңдарда, цехтың таратушы қоймаларында тез тұтанатын сұйықтықтарды, жанғыш сұйықтықтарды, жанғыш газды сақтау кезінде өрт қауіпсіздігі шаралары. Жұмыс орындарында, сырлау және өзге де өрт қауіпті жұмыстарды жүргізу кезінде тез тұтанатын сұйықтықтарды, жанғыш сұйықтықтарды, жанғыш газды қолданудағы өрт қауіпсіздігі шаралары. Тез тұтанатын сұйықтықтарды, жанғыш газды тасымалдау кезіндегі өрт қауіпсіздігі шаралары.

5-тақырып. Эвакуациялау жолдарына қойылатын өрт қауіпсіздігі талаптары

Эвакуациялау жолдары. Эвакуациялау жолдары мен эвакуациялық шығу жолдарын анықтау. Эвакуациялау жолдарына қойылатын өрт қауіпсіздігі талаптары. Эвакуациялау жолдарының түтіндеуін болдырмайтын іс-шаралар. Пайдаланудағы объектілерде өрт шыққан жағдайдағы эвакуациялау жоспары. Өрт кезінде адамдарды эвакуациялау туралы шұғыл хабарлау жүйесі. Адамдарды эвакуациялау бойынша оқу-жаттығулар ұйымдастыру.

6-тақырып. Өртке қарсы жабдықтар және мүкәммал, өрт кезінде пайдалану тәртібі

Өртке қарсы жабдықтарды және мүкәммал дықолдану түрлері және саласы. Мақсаты мен құрлысы. Алғашқы өрт сөндіру құралдары. Мақсаты, техникалық сипаттамасы, жұмы істеу тәртібі және олардың орналасу орны. Ішкі өрт сөндіру крандар.

7-тақырып. Қызметкерлердің өрт кезіндегі іс-қимылдары

Өрттің дамуының жалпы сипаты мен ерекшеліктері. Өрт туралы хабарлау тәртібі. Өрт сөндіру бөлімшелері келгенге дейін от қауіпті және бағалы заттар мен материалдарды сөндіруді ұйымдастыру, адамдарды эвакуациялау. Өрт сөндіру

бөлімшелерін қарсы алу. Өрттің таралуынан болдырмау шаралары. Өрт сөндіру бөлімшелері келгеннен кейінгі іс-қимылдар.

8-тақырып. Практикалық сабақтар

Модельді өрт ошағында өрт сөндіргіштермен практикалық түрде таныстыру және жұмыс істеу. Өрт кранын қолдану бойынша жаттығу. Өрттен қорғау жүйелерімен практикалық түрде таныстыру. Адамдарды эвакуациялау бойынша жаттығулар.

Сынақ. Өрт-техникалық минимумы білімдерін тексеру.

Газбен, электрмен дәнекерлеу, бензинмен кесу жұмыстарын орындайтын қызметкерлерге арналған тақырыптық жоспар мен үлгілік оқу бағдарламасы

р/с №	Тақырыптар атауы	Сағат саны
1	Өрт қауіпті жұмыстарды жүргізу кезінде өрт қауіпсіздігі талаптарын регламенттейтін негізгі нормативтік құжаттар	1
2	Өрт қауіпті жұмыстарды жүргізу түрлері мен тәртібі. Заттар мен материалдардың өрт қауіптілігі	1
3	Өрттің шығу себептері, алдын алу шаралары	1
4	Жарылыс, өрт қауіпті объектілер мен қондырғыларда отпен байланысты жұмыстарды жүргізу кезіндегі өрт қауіптілігі ерекшеліктері	2
5	Газбен дәнекерлеу және электрмен дәнекерлеу жұмыстары	1
6	Өртке қарсы жабдық және мүкәммал, өрт кезінде пайдалану тәртібі	1
7	Өрт кезіндегі іс-қимылдар	1
8	Практикалық сабақтар	2
Жалпы сағат саны		10

1-тақырып. Өрт қауіпті жұмыстарды жүргізу кезінде өрт қауіпсіздігі талаптарын регламенттейтін негізгі нормативтік құжаттар

Өрт қауіпсіздігі саласындағы негізгі нормативтік құқықтық актілерді зерделеу. Отпен байланысты жұмыстарды жүргізу кезіндегі объектілік нұсқамалар, бұйрықтар, ұйым басшысының өкімдері.

2-тақырып. Өрт қауіпті жұмыстарды жүргізу түрлері мен тәртібі. Заттар мен материалдардың өрт қауіптілігі

Газбен, электрмен дәнекерлеу және қыздыру жұмыстары, металл кесу, желіммен, шайырмен, битуммен, полимермен және өзге де жанғыш материалдармен жұмыс істеу.

Оларды жүргізу тәртібі. Жұмыстардың өрт қауіптілігі және олардың өрт қауіптілігінің ерекшеліктері.

3-тақырып. Өрттің шығу себептері, алдын алу шаралары

Газбен, электрмен дәнекерлеу жұмыстарын жүргізу кезіндегі өрттің негізгі себептері: жұмыс істеу қағидаларын бұзу, газбен, электрмен дәнекерлеу жабдығының ақаулығы, жұмыс аяқталғаннан кейін жұмыс жүргізу орындарын бақылаудың болмауы. Отпен байланысты жұмыстарды жүргізуге дайындау, жүргізу, жұмыс орындарын бақылау, сондай-ақ оларды аяқтау процесінде өрттің алдын алу шаралары.

4-тақырып. Жарылыс, өрт қауіпті объектілер мен қондырғыларда отпен байланысты жұмыстарды жүргізу кезіндегі өрт қауіптілігі ерекшеліктері

Тез тұтанатын сұйықтықтар, жанғыш сұйықтықтар, жанғыш газ босатылған сыйымдылықтарда оларды алдын ала дайындамай, жұмыс істеу кезінде қысыммен жұмыс істейтін қондырғыларда отпен байланысты жұмыстарды жүргізу. Жарылыс қауіпті және жарылу, өрт шығу қаупі бар бөлімшелерде отпен байланысты жұмыстарды жүргізу тәртібі.

5-тақырып. Газбен дәнекерлеу және электрмен дәнекерлеу жұмыстары

Жұмыс істеу кезінде қолданылатын газдардың өрт қауіптілігі. Сығылған және сұйытылған газдарға арналған баллондармен жұмыс істеу ерекшеліктері. Кальций карбидінің оны тасымалдау кезіндегі қасиеттері, сақтау және қолдану ережесі. Ацетилен генераторы, аппараттарға қойылатын негізгі талаптар. Ацетилен аппараттары мен газ баллондарының орналасу орындары, оларды ашық оттан және басқа да жылу көздерінен қорғау. Газ өткізу шлангілерін сынау және тексеру тәртібі. Электрмен дәнекерлеу аппараттары, аппараттарға қойылатын негізгі талаптар. Техникалық қызмет көрсету, жоспарлы алдын ала жөндеу. Дәнекерлеу аппараттарын іске қосу, кәбілдерді қосу. Дәнекерлеу кезінде қолданылатын электродтар, қосқыш құрылғыларға қойылатын талаптар.

6-тақырып. Өртке қарсы жабдық және мүкәммал, өрт кезінде пайдалану тәртібі

Өртке қарсы жабдық пен құрал-сайман түрлері және қолданылу саласы. Мақсаты мен құрылғысы. Алғашқы өрт сөндіру құралдары. Мақсаты, техникалық сипаты, жұмыс тәртібі және олардың орналасу орны. Сумен жабдықтау көздері. Ішкі өрт крандары.

7-тақырып. Өрт кезіндегі іс-қимылдар

Өрт туралы хабарлау тәртібі. Өрт сөндіру бөлімшелері келгенге дейінгі өрт сөндіру тәсілдері. Өрттің таралуының алдын алу шаралары. Эвакуациялау жолдары мен тәртібі, эвакуациялау жоспары. Қызметкерлердің өрт сөндіру бөлімшелері келгеннен кейінгі іс-қимылдары (түтік құбырларын төсеуге көмектесу, материалдық құндылықтарды көшіруге қатысу және өрт сөндіру жетекшісінің өкімі бойынша өзге де жұмыстарды орындау). Тұрғын үй секторындағы өрт қауіпсіздігі. Тұрғын үйде өрт шыққан кездегі іс-қимылдар.

8-тақырып. Практикалық сабақтар

Модельді өрт ошағында өрт сөндіргіштермен практикалық түрде таныстыру және жұмыс істеу. Түтін, жану, өрт байқалған кезде іс-қимылдарды пысықтау. Ұйымнан эвакуациялау бойынша практикалық сабақтар.

Сынақ. Өрт-техникалық минимумы білімін тексеру Өрт қауіпті жұмыстарды жүзеге асыратын қызметкерлерге арналған тақырыптық жоспар мен үлгілік оқу бағдарламасы

р/с №	Тақырыптар атауы	Сағат саны
1	Өрт қауіпті жұмыстарды жүргізу кезінде өрт қауіпсіздігі талаптарын регламенттейтін негізгі нормативтік құжаттар	1
2	Өрт қауіпті жұмыстарды жүргізу түрлері мен тәртібі. Заттар мен материалдардың өрт қауіптілігі	1
3	Өрттің шығу себептері, алдын алу шаралары	1
4	Жарылу-өрт қауіпті объектілер мен қондырғыларда отпен байланысты жұмыстарды жүргізу кезіндегі өрт қауіптілігі ерекшеліктері	2
5	Газбен дәнекерлеу және электрмен дәнекерлеу жұмыстары	1
6	Өртке қарсы жабдық және мүкәммал, өрт кезінде пайдалану тәртібі	1
7	Өрт кезіндегі іс-қимылдар	1
8	Практикалық сабақтар	2
Жалпы сағат саны		10

1-тақырып. Өрт қауіпті жұмыстарды жүргізу кезінде өртқауіпсіздігі талаптарын регламенттейтін негізгі нормативтік құжаттар

Өрт қауіпсіздігі саласындағы негізгі нормативтік құқықтық актілерді зерделеу. Отпен байланысты жұмыстарды жүргізу кезіндегі объектілік нұсқамалар, бұйрықтар, ұйым басшысының өкімдері.

2-тақырып. Өрт қауіпті жұмыстарды жүргізу түрлері мен тәртібі. Заттар мен материалдардың өрт қауіптілігі

Газбен, электрмен дәнекерлеу және қыздыру жұмыстары, металл кесу, желіммен, шайырмен, битуммен, полимермен және өзге де жанғыш материалдармен жұмыс істеу. Оларды жүргізу тәртібі. Жұмыстардың өрт қауіптілігі және олардың өрт қауіптілігінің ерекшеліктері.

3-тақырып. Өрттің шығу себептері, алдын алу шаралары

Газбен, электрмен дәнекерлеу жұмыстарын жүргізу кезіндегі өрттің негізгі себептері: жұмыс істеу ережесін бұзу, газбен, электрмен дәнекерлеу жабдығының ақаулығы, жұмыс аяқталғаннан кейін жұмыс жүргізу орындарын бақылаудың болмауы. Отпен байланысты жұмыстарды жүргізуге дайындау, жүргізу, жұмыс орындарын бақылау, сондай-ақ оларды аяқтау процесінде өрттің алдын алу шаралары.

4-тақырып. Жарылу-өрт қауіпті объектілер мен қондырғыларда отпен байланысты жұмыстарды жүргізу кезіндегі өрт қауіптілігі ерекшеліктері

Тез тұтанатын сұйықтықтар, жанғыш сұйықтықтар, жанғыш газ босатылған сыйымдылықтарда оларды алдын ала дайындамай, жұмыс істеу кезінде қысыммен жұмыс істейтін қондырғыларда отпен байланысты жұмыстарды жүргізу. Жарылыс қауіпті және жарылу, өрт шығу қаупі бар бөлімшелерде отпен байланысты жұмыстарды жүргізу тәртібі.

5-тақырып. Газбен дәнекерлеу және электрмен дәнекерлеу жұмыстары

Жұмыс істеу кезінде қолданылатын газдардың өрт қауіптілігі. Сығылған және сұйытылған газдарға арналған баллондармен жұмыс істеу ерекшеліктері. Кальций карбидінің оны тасымалдау кезіндегі қасиеттері, сақтау және қолдану ережесі. Ацетилен генераторы, аппараттарға қойылатын негізгі талаптар. Ацетилен аппараттары мен газ баллондарының орналасу орындары, оларды ашық оттан және басқа да жылу көздерінен қорғау. Газ өткізу шлангілерін сынау және тексеру тәртібі. Электрмен дәнекерлеу аппараттары, аппараттарға қойылатын негізгі талаптар. Техникалық қызмет көрсету, жоспарлы алдын ала жөндеу. Дәнекерлеу аппараттарын іске қосу, кәбілдерді қосу. Дәнекерлеу кезінде қолданылатын электродтар, қосқыш құрылғыларға қойылатын талаптар.

6-тақырып. Өртке қарсы жабдық және мүкәммал, өрт кезінде пайдалану тәртібі

Өртке қарсы жабдық және мүкәммал түрлері және қолданылу саласы. Мақсаты мен құрылғысы. Алғашқы өрт сөндіру құралдары. Мақсаты, техникалық сипаты, жұмыс тәртібі және олардың орналасу орны. Сумен жабдықтау көздері. Ішкі өрт крандары.

7-тақырып. Өрт кезіндегі іс-әрекеттер

Өрт туралы хабарлау тәртібі. Өрт сөндіру бөлімшелері келгенге дейін өрт сөндіру тәсілдері. Өрттің таралуының алдын алу шаралары. Эвакуациялау жолдары мен тәртібі, эвакуациялау жоспары. Қызметкерлердің өрт сөндіру бөлімшелері келгеннен кейінгі іс-қимылдары (түтік құбырларын төсеуге көмектесу, материалдық құндылықтарды көшіруге қатысу және өрт сөндіру жетекшісінің өкімі бойынша өзге де жұмыстарды орындау). Тұрғын үй секторындағы өрт қауіпсіздігі. Тұрғын үйде өрт шыққан кездегі іс-қимылдар.

8-тақырып. Практикалық сабақтар

Модельді өрт ошағында өрт сөндіргіштермен практикалық түрде таныстыру және жұмыс істеу. Түтін, жану, өрт байқалған кездегі іс-қимылдарды пысықтау. Ұйымнан эвакуациялау бойынша практикалық сабақтар.

Сынақ. Өрт-техникалық минимумы білімін тексеру

Ауыл шаруашылығы ұйымдарының басшыларына және өрт қауіпсіздігіне жауапты адамдарға арналған тақырыптық жоспар мен үлгілік оқу бағдарламасы

р/с №	Тақырыптар атауы	Сағат саны
1	Кіріспе. Өрт қауіпсіздігі талаптарын регламенттейтін негізгі нормативтік құжаттар	1
2	Ауыл шаруашылығы өндірісі объектілері мен шаруа қожалығындағы өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі ұйымдастырушылық іс-шаралар	2
3	Ауыл шаруашылығы объектілері мен аумақтарындағы өрт қауіпсіздігі талаптары	3
4	Ауыл шаруашылығы объектілеріндегі өрттен қорғау	3
5	Ауыл шаруашылығы өндірісі объектілері мен шаруа қожалығындағы қызметкерлермен өрт-техникалық минимум бағдарламасы бойынша сабақтар өткізу әдістемесі	2
6	Практикалық сабақтар	3
Жалпы сағат саны		14

1-тақырып. Кіріспе. Өрт қауіпсіздігі талаптарын регламенттейтін негізгі нормативтік құжаттар

Ауыл шаруашылығы объектілеріндегі өрттердің статистикасы. Өрттердің себептері. Ауыл шаруашылығы объектілерінің өрт қауіптілігі. Ұйымдардың, шаруа

қожалықтарының, бөлімшелердің, шеберханалардың, гараждардың, базалардың және өзге де объектілердің басшыларының міндеттері және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жауаптылығы. Аумақтарды, ғимараттарды, үй-жайларды ұстауға, электр желілерін, электр қондырғыларын, жылу беру, желдету жүйелерін және жылу бөлу қондырғыларын монтаждауға және пайдалануға қойылатын жалпы талаптар. Өрт қауіпсіздігі саласындағы негізгі нормативтік құқықтық актілерді зерделеу. Өрт қауіпсіздігі жөніндегі нұсқамалар.

2-тақырып. Ауыл шаруашылығы өндірісі объектілері мен шаруа қожалығындағы өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі ұйымдастырушылық іс-шаралар

Өрттің алдын алудың негізгі міндеттері. Өртке қарсы режим, анықтамасы, мақсаты мен оны белгілеу тәртібі. Ауыл шаруашылығы өндірісі объектілеріндегі, шаруа қожалықтарындағы және елді мекендердегі өрттің алдын алу жөніндегі жалпы ұйымдастырушылық іс-шаралары.

3-тақырып. Ауыл шаруашылығы объектілері мен аумақтарындағы өрт қауіпсіздігі талаптар

Мал өсіру және құс өсіру фермаларында, зертханаларда, жөндеу шеберханаларында, гараждарда, техника сақтау орындарында, ағаш өңдеу шеберханаларында, тез тұтанатын сұйықтықтар, жанғыш сұйықтықтар, жанғыш газ қоймаларында, материал қоймаларында, астық қоймаларында, астық кептіргіштерде, құрама жем қоймаларында, химиялық заттар қоймаларында, газ баллондарын сақтау орындарындағы өрт қауіпсіздігі талаптары. Астық дақылдарын жинау, жемдерді дайындау кезіндегі өрт қауіпсіздігі шаралары. Отпен байланысты және жөндеу, монтаждау жұмыстарына қойылатын өрт қауіпсіздігі ережелерінің арнайы талаптары. Ауылдық жерлердегі тұрғын үй және әкімшілік ғимараттардың өрт қауіптілігі ерекшеліктері. Аумақтарды, ғимараттарды, әкімшілік үй-жайларды ұстауға қойылатын негізгі өрт қауіпсіздігі талаптары. Отпен байланысты жұмыстарды жүргізуді ұйымдастыру, техникалық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету және өрт, жарылыс қауіпті инженерлік-техникалық құрылғыларды дұрыс пайдалану тәртібі.

4-тақырып. Ауыл шаруашылығы объектілеріндегі өрттен қорғау

Алғашқы өрт сөндіру құралдары, олардың мақсаты, құрылғысы, техникалық сипаттамалары мен пайдалану қағидалары. Өртке қарсы сумен жабдықтау және оның түрлері. Өрт сөндіретін су тоғандарын орнату қағидалары. Ауыл шаруашылығы объектілерін байланыспен, дабылмен және өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз ету.

5-тақырып. Ауыл шаруашылығы өндірісінің объектілері мен шаруа қожалықтарында қызметкерлермен өрт-техникалық минимум бағдарламасы бойынша сабақтар өткізу әдістемесі

Өртке қарсы нұсқама мен өрт-техникалық минимум. Өрт-техникалық минимум бағдарламасының мазмұны. Жоспар-конспектісін, сыныпты, көрнекі оқу құралдарын және техникалық оқыту құралдарын дайындау. Бағдарламаның әр тақырыбы бойынша сабақ өткізу әдістемесі.

6-тақырып. Практикалық сабақтар

Ұйым (шаруа қожалығы) басшысының, ауылдық жердегі тұрғындар мен қызметкерлердің өртті жою бойынша өрт-тактикалық оқу-жаттығулары. Өрт сөндіру түтік құбырларын төсеу. Су көзінен су жіберу. Өрт сөндіргішпен жұмыс істеу. Өртке қарсы қызметті шақырту.

Сынақ. Өрт-техникалық минимумы білімін тексеру Ауыл шаруашылығы ұйымдарының қызметкерлеріне арналған тақырыптық жоспар мен үлгілік оқу бағдарламасы

р/с №	Тақырыптар атауы	Сағат саны
1	Кіріспе. Өрт қауіпсіздігі талаптарын регламенттейтін негізгі нормативтік құжаттар	1
2	Ауыл шаруашылығы өндірісі объектілері мен шаруа қожалықтарында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі ұйымдастырушылық іс-шаралар	1
3	Ауыл шаруашылығы объектілері мен аумақтарындағы өрт қауіпсіздігінің талаптары	2
4	Ауыл шаруашылығы объектілеріндегі өртке қарсы қорғау	2
5	Ауыл шаруашылығы өндірісінің объектілері мен шаруа қожалықтарында қызметкерлермен өрт-техникалық минимум бағдарламасы бойынша сабақтар өткізу әдістемесі	1
6	Практикалық сабақтар	2
Жалпы сағат саны		9

1-тақырып. Кіріспе. Өрт қауіпсіздігі талаптарын регламенттейтін негізгі нормативтік құжаттар

Ауыл шаруашылығы объектілеріндегі өрттердің статистикасы. Өрттердің себептері. Ауыл шаруашылығы объектілерінің өрт қауіптілігі. Ұйымдардың, шаруа қожалықтарының, бөлімшелердің, шеберханалардың, гараждардың, базалардың және өзге де объекті басшыларының міндеттері және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жауаптылығы. Аумақтарды, ғимараттарды, үй-жайларды ұстауға, электр желілерін, электр қондырғыларын, жылу беру, желдету жүйелерін және жылу бөлу

қондырғыларын монтаждау мен пайдалануға қойылатын жалпы талаптар. Өрт қауіпсіздігі саласындағы негізгі нормативтік құқықтық актілерді зерделеу. Өрт қауіпсіздігі жөніндегі нұсқамалар.

2-тақырып. Ауыл шаруашылығы өндірісінің объектілері мен шаруа қожалықтарында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі ұйымдастырушылық іс-шаралар

Өрт профилактикасының негізгі міндеттері. Өртке қарсы режим, анықтамасы, мақсаты және оны белгілеу тәртібі. Ауыл шаруашылығы өндірісі объектілеріндегі, шаруа қожалықтары мен елді мекендердегі жалпы ұйымдастырушылық өрт-профилактикалық іс-шаралар.

3-тақырып. Ауыл шаруашылығы объектілері мен аумақтарындағы өрт қауіпсіздігінің талаптары

Мал өсіру және құс өсіру фермаларындағы, зертханалардағы, өндеу шеберханаларындағы, гараждардағы, техника сақтау орындарындағы, ағаш өндеу шеберханаларындағы, тез тұтанғыш сұйықтықтардағы, жанғыш сұйықтық және жанғыш газ қоймаларындағы, материал қоймаларындағы, астық қоймаларындағы, астық кептіргіштердегі, құрама жем қоймаларындағы, химиялық заттар қоймаларындағы, газ баллондарын сақтау орындарындағы өрт қауіпсіздігінің талаптары. Астық дақылдарын жинау, жемдерді дайындау кезіндегі өрт қауіпсіздігінің шаралары. Отпен байланысты және жөндеу, монтаждау жұмыстарына қойылатын өрт қауіпсіздігі ережелерінің арнайы талаптары. Ауылдық жерлердегі тұрғын үй және әкімшілік ғимараттардың өрт қауіптілігі ерекшеліктері. Аумақтарды, ғимараттарды, әкімшілік үй-жайларды ұстауға қойылатын өрт қауіпсіздігінің негізгі талаптары. Отпен байланысты жұмыстарды жүргізуді ұйымдастыру, техникалық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету және өрт, жарылыс қауіпті инженерлік-техникалық құрылғыларды дұрыс пайдалану тәртібі.

4-тақырып. Ауыл шаруашылығы объектілеріндегі өртке қарсы қорғау

Алғашқы өрт сөндіру құралдары, олардың мақсаты, құрылғысы, техникалық сипаттамалары мен пайдалану қағидалары. Өртке қарсы сумен жабдықтау және оның түрлері. Өрт су тоғандарын орнату қағидалары. Ауыл шаруашылығы объектілерін байланыспен, сигнализациямен және өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз ету.

5-тақырып. Ауыл шаруашылығы өндірісінің объектілері мен шаруа қожалығындағы қызметкерлермен өрт-техникалық минимум бағдарламасы бойынша сабақтар өткізу әдістемесі

Өртке қарсы нұсқама мен өрт-техникалық минимум. Өрт-техникалық минимум бағдарламасының мазмұны. Жоспар-конспектіні, сыныпты, көрнекі оқу құралдарын және техникалық оқыту құралдарын дайындау. Бағдарламаның әр тақырыбы бойынша сабақтарды өткізу әдістемесі.

6-тақырып. Практикалық сабақтар

Ұйым (шаруа қожалығы) басшысының, ауылдық жердегі тұрғындар мен қызметкерлердің өртті жою бойынша өрт-тактикалық оқу-жаттығулары. Өрт сөндіру түтік құбырларын төсеу. Су көзінен су жіберу. Өрт сөндіргішпен жұмыс істеу. Өртке қарсы қызметті шақырту.

Сынақ. Өрт-техникалық минимумы білімін тексеру Мектепке дейінгі мекемелердің, жалпы білім беру, техникалық және кәсіптік білім беру және жоғарғы оқу орындарының басшылары мен өрт қауіпсіздігіне жауапты адамдарына арналған тақырыптық жоспар мен үлгілік оқу бағдарламасы

р/с №	Тақырыптың атауы	Сағаттар саны
1	Өрт қауіпсіздігі талаптарын регламенттейтін негізгі нормативтік құжаттар	1
2	Мектепке дейінгі мекемелерде, жалпы білім беру, техникалық және кәсіптік білім беру және жоғарғы оқу орындарындағы өрт қауіпсіздігі шаралары	2
3	Эвакуациялық жолдарға қойылатын өрт қауіпсіздігінің талаптары	1
4	Өрт сөндіру құралдары және оларды өрт сөндіру үшін қолдану қағидалары, өрт кезіндегі әрекеттер мен өрт сөндіру күзетін шақырту	1
	Практикалық сабақтар	3
	Жалпы сағат саны	8

1-тақырып. Өрт қауіпсіздігі талаптарын регламенттейтін негізгі нормативтік құжаттар

Өрт қауіпсіздігі саласында негізгі нормативтік құқықтық актілерді зерделеу. Өрт қауіпсіздігі қағидаларының сақталуына ұйым басшыларының құқықтары, міндеттері, жауапкершілігі.

2-тақырып. Мектепке дейінгі мекемелерде, жалпы білім беру, техникалық және кәсіптік білім беру және жоғарғы оқу орындарындағы өрт қауіпсіздігі шаралары

Өрттер мен тұтанулардың негізгі себептерін қысқаша талдау. Электр желілерін, электрлік жабдықты және электрмен жылыту құралдарын пайдалану кезіндегі өрт қауіпсіздігі шаралары. Қысқа тұйықталу, асқын жүктеме, ауыспалы қарсылық, ұшқындау, олардың мәні, пайда болу себептері мен жол бермеу тәсілдері. Өрт қауіпті сұйықтықтарды сақтау және олармен жұмыс істеу тәртібі. Тез тұтанғыш сұйықтықтар мен жанғыш сұйықтықтың, жанғыш газдың өрт қауіптілігін анықтайтын негізгі факторлар: жарқ ету температурасы, өздігінен тұтану және тұтану. Жарылыс жайлы түсінік. Тез тұтанғыш сұйықтықтар мен жанғыш сұйықтықты, жанғыш газды сақтау орындарына қойылатын талаптар. Өрт қауіпті сұйықтықтарды қабылдау, беру және қолдану кезіндегі өртке қарсы режим. Химиялық реактивтер мен сілті металдарын сақтау және пайдалану кезіндегі өрт қауіпсіздігі шаралары. Ғимараттардағы өртке қарсы режим. Эвакуациялау жолдарын ұстау. Сыныптардағы парталардың, үстелдердің және орындықтардың орналасуы. Кіру орындарын, шығу орындарын, холдарды, дәліздерді, саты алаңын, сондай-ақ шатырды, жертөле үй-жайларын, оқу-өндірістік шеберханаларын, химия және физика кабинеттерін ұстау. Эвакуациялау жоспарларын әзірлеу. Қызмет көрсету персоналына нұсқама беру. Сауықтыру кезеңінде балаларды көп қабатты ғимараттар мен үйлерге орналастыру тәртібі.

Балалар мекемелеріндегі, мектеп-интернаттарындағы кезекшілер мен күзетшілер. Оларға нұсқама беру. Өрт қауіпсіздігін сақтау жөніндегі және өрт туындаған жағдайдағы міндеттер. Жаңа жылғы шырша орнату, кино көру, кештер мен спектакльдерді ұйымдастыру кезінде қойылатын талаптар. Шыршаларды орнату және бекіту қағидалары. Адамдар жаппай жиналатын үй-жайларға қойылатын талаптар.

Бұқаралық іс-шараларды өткізу жауапкершілігі, кезекшілердің мақсаты мен міндеттері.

3-тақырып. Эвакуация жолдарына өрт қауіпсіздігі талаптары

Эвакуациялау жолдары. Эвакуациялау және эвакуациялық шығу жолдарын анықтау. Эвакуациялау жолдарына қойылатын өрт қауіпсіздігі талаптары. Эвакуациялау жолдарының түтіндеуін болдырмайтын іс-шаралар. Өрт болған жағдайда қолданыстағы объектілердегі эвакуациялау жоспары. Өрт кезінде адамдарды эвакуациялау туралы шұғыл құлақтандыру жүйесі.

4-тақырып. Өрт сөндіру құралдары. Оларды қолдану қағидалары. Өрт кезіндегі әрекеттер және өрт сөндіру күзетін шақырту

Өрт сөндіргіштердің мақсаты. Көмір қышқылды, ұнтақты және аэрозоль өрт сөндіргіштердің құрылысы мен жұмыс істеу принципі туралы түсінік. Оларды пайдалану және өрт сөндіруде қолдану қағидалары.

Алғашқы өрт сөндіру құралдарының (құм, түрлі жабындар, суы бар бөшкелер мен шелектер, өрт сөндіру құрал-сайманы) және ішкі өрт сөндіру шүмектерінің мақсаты. Оларды пайдалану қағидалары.

Қызмет көрсету персоналының өрт кезіндегі әрекеттері. Өрт кезінде үй-жайлардың ішінен балаларды және мүлікті эвакуациялауды ұйымдастыру және оның тәртібі.

5-тақырып. Практикалық сабақтар

Эвакуацияны өткізуді пысықтану. Өрт сөндіргішпен жұмыс істеу.

Сынақ. Өрт-техникалық минимумы білімдерін тексеру
Мектепке дейінгі мекемелердің, жалпы білім беру, техникалық және кәсіптік білім беру, жоғарғы оқу орындарының педагогтарына арналған тақырыптық жоспар мен үлгілік оқу бағдарламасы

р/с №	Тақырыптың атауы	Сағаттар саны
1	Өрт қауіпсіздігі талаптарын регламенттейтін негізгі нормативтік құжаттар	1
2	Мектепке дейінгі мекемелерде, жалпы білім беру, техникалық және кәсіптік білім беру және жоғарғы оқу орындарында өрт қауіпсіздігі шаралары	1
3	Өрт сөндіру құралдары және оларды өрт сөндіру үшін қолдану қағидалары, өрт кезіндегі әрекеттер мен өрт сөндіру күзетін шақырту	1
4	Практикалық сабақтар	2
Жалпы сағат саны		5

1-тақырып. Өрт қауіпсіздігі талаптарын регламенттейтін негізгі нормативтік құжаттар

Өрт қауіпсіздігі саласындағы негізгі нормативтік құқықтық актілерді зерделеу. Ұйым басшыларының өрт қауіпсіздігі қағидаларын сақтауға құқықтары, міндеттері, жауапкершіліктері.

2-тақырып. Мектепке дейінгі мекемелерде, жалпы білім беру, техникалық және кәсіптік білім беру, жоғарғы оқу орындарындағы өрт қауіпсіздігі шаралары

Өрттер мен тұтанулардың негізгі себептерін қысқаша талдау. Электр желілерін, электр жабдықтарын және электрмен жылыту құралдарын пайдалану кезіндегі өрт

қауіпсіздігі шаралары. Қысқа тұйықталу, артық жүктеме, ауыспалы қарсылық, ұшқындау, олардың мәні, пайда болу себептері мен жол бермеу тәсілдері. Өрт қауіпті сұйықтықтарды сақтау және олармен жұмыс істеу тәртібі. Тез тұтанғыш сұйықтықтар мен жанғыш сұйықтықтың, жанғыш газдың өрт қауіптілігін анықтайтын негізгі факторлар: жарқ ету температурасы, өздігінен тұтану және тұтану. Жарылыс жайлы түсінік. Тез тұтанғыш сұйықтықтар мен жанғыш сұйықтықты, жанғыш газды сақтау орындарына қойылатын талаптар. Өрт қауіпті сұйықтықтарды қабылдау, беру және қолдану кезіндегі өртке қарсы тәртіп. Химиялық реактивтер мен сілті металдарын сақтау және пайдалану кезіндегі өрт қауіпсіздігі шаралары. Ғимараттардағы өртке қарсы режим. Эвакуациялау жолдарын ұстау. Сыныптардағы парталардың, үстелдердің және орындықтардың орналасуы. Кіру орындарын, шығу орындарын, холдарды, дәліздерді, саты алаңын, сондай-ақ шатырды, жертөле үй-жайларын, оқу-өндірістік шеберханаларын, химия және физика кабинеттерін ұстау. Эвакуациялау жоспарларын әзірлеу. Қызмет көрсету персоналына нұсқама беру. Сауықтыру кезеңінде балаларды көп қабатты ғимараттар мен үйлерге орналастыру тәртібі.

Балалар мекемелеріндегі, мектеп-интернаттарындағы кезекшілер мен күзетшілер. Оларға нұсқама беру. Өрт қауіпсіздігін сақтау жөніндегі және өрт туындаған жағдайдағы міндеттер. Жаңа жылдық шырша орнату, кино көру, кештер мен спектакльдерді ұйымдастыру кезінде қойылатын талаптар. Шыршаларды орнату және бекіту қағидалары. Адамдар жаппай жиналатын үй-жайларға қойылатын талаптар.

Бұқаралық іс-шараларды өткізу жауапкершілігі, кезекшілердің мақсаты мен міндеттері.

3-тақырып. Өрт сөндіру құралдары. Оларды қолдану қағидалары. Өрт кезіндегі әрекеттер және өрт сөндіру күзетін шақырту

Өрт сөндіргіштердің мақсаты. Көмір қышқылды, ұнтақты және аэрозоль өрт сөндіргіштердің құрылысы мен жұмыс істеу принципі туралы түсінік. Оларды пайдалану және өрт сөндіруде қолдану қағидалары.

Алғашқы өрт сөндіру құралдарының (құм, түрлі жабындар, суы бар бөшкелер мен шелектер, өрт сөндіру құрал-сайманы) және ішкі өрт сөндіру шүмектерінің мақсаты. Оларды пайдалану қағидалары.

Қызмет көрсету персоналының өрт кезіндегі әрекеттері. Өрт кезінде үй-жайлардың ішінен балаларды және мүлікті эвакуациялауды ұйымдастыру және оны жүргізу тәртібі

4-тақырып. Практикалық сабақтар

Эвакуациялау бойынша жаттығу. Өрт сөндіргішпен жұмыс істеу.

**Сынақ. Өрт-техникалық минимумы білімдерін тексеру
Ұйымдар басшыларына, өрт қауіпсіздігіне жауапты тұлғаларға,
ұйымдарды күзетуді жүзеге асыратын қызметкерлерге арналған
тақырыптық жоспар мен үлгілік оқу бағдарламасы**

р/с №	Тақырыптар атауы	Сағат саны
1	Ғимараттар мен үй-жайларға қойылатын талаптар	2
2	Техникалық өрт сөндіру құралдары, өртке қарсы құрал-сайман	1
3	Өрт кезіндегі іс-әрекеттер	1
4	Практикалық сабақтар	3
Жалпы сағат саны		7

1-тақырып. Ғимараттар мен үй-жайларға қойылатын талаптар

Қазақстан Республикасындағы өрт қауіпсіздігі қағидалары. Өрт қауіпсіздігі жөніндегі нұсқамалар. Ғимараттардың көлемдік-жоспарлау және конструктивтік шешімдері. Өртке қарсы режим. Эвакуацислау жоспары. Эвакуация және эвакуациялық шығу жолдары.

2-тақырып. Өрт сөндіру құралдары, өртке қарсы құрал-сайман

Алғашқы өрт сөндіру құралдары. Өрт сөндіргіштердің жіктемесі, қолдану саласы, мақсаты, қолдану қағидалары, орналасу орны. Ішкі өртке қарсы су құбырының, өрт крандарының мақсаты мен құрылғысы, орналасу орны. Автоматты өрт сигнализациясы мен өрт сөндіру қондырғылары; ұйымда орналастыру схемасы. Автоматты өрт сигнализациясы мен өрт сөндіру қондырғыларының жұмысы кезіндегі іс-қимылдар. Өрт жабдығы мен құрал-саймандарының түрлері, мақсаты, құрылғысы мен орналасу орны.

3-тақырып. Өрт кезіндегі іс-қимылдар

Өрт өршуінің жалпы сипаты мен ерекшеліктері. Өрт туралы хабарлау тәртібі. Өрт сөндіру бөлімшелері келгенге дейінгі іс-қимылдар. Өрт таралуының алдын алу бойынша шаралар. Өрт сөндіру бөлімшелерін қарсы алу және олар келгеннен кейінгі іс-қимылдар.

4-тақырып. Практикалық сабақтар

Модельді өрт ошағында өрт сөндіргішпен практикалық түрде таныстыру және онымен жұмыс істеу. Өрт кранын қолдану жөніндегі жаттықтыру.

**Сынақ. Өрт-техникалық минимумы білімін тексеру
Жаңадан салынып және реконструкцияланып жатқан
объектілердегі өрт қауіпсіздігіне жауапты адамдарға
арналған тақырыптық жоспар мен үлгілік оқу бағдарламасы**

р/ с №	Тақырыптың атауы	Сағаттар саны
1	Өрт қауіпсіздігі талаптарын регламенттейтін негізгі нормативтік құжаттар	1
2	Қайта салынып және реконструкцияланып жатқан объектілерде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі ұйымдастыру іс-шаралары	2
3	Жаңадан салынып және реконструкцияланып жатқан объектілердің өрт қауіпсіздігі шаралары	4
4	Алғашқы өрт сөндіру құралдары. Қызметкерлердің өрт кезіндегі әрекеттері	2
5	Практикалық сабақтар	1
Жалпы сағат саны		10

1-тақырып. Өрт қауіпсіздігі талаптарын регламенттейтін негізгі нормативтік құжаттар

Өрт қауіпсіздігі саласында негізгі нормативтік құқықтық актілерді зерделеу. Объектілерде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты басшылардың құқықтары, міндеттері, жауапкершілігі.

2-тақырып. Жаңадан салынып және реконструкцияланып жатқан объектілерде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі ұйымдастыру іс-шаралары

Құрылыс объектілеріндегі сипатты өрттердің қысқаша талдауы. Өрт сөндіру профилактикасының негізгі міндеттері. Өрт қауіпсіздігіне жауапты тұлғалардың міндеттері. Жаңадан салынып және реконструкцияланып жатқан объектілерде, құрылыс алаңдарында және қосалқы шаруашылықтарда өртке қарсы режимді орнату және ұстау жөніндегі негізгі ұйымдастыру іс-шаралары.

Жеке құрылыс учаскелерінің, корпус, цехтар, қоймалар, шеберханалардың өрт қауіпсіздігіне жауапкершілік. Өндірісте және тұрмыста өрт қауіпсіздігі шараларына қызметкерлерді үйрету. Өрт-техникалық комиссияны құру және жұмысын ұйымдастыру. Олардың міндеттері мен практикалық қызметі туралы қысқаша мәліметтер. Объектіден эвакуациялау бойынша оқу-жаттығуларды ұйымдастыру.

3-тақырып. Қайта салынып және реконструкцияланып жатқан объектілердегі өрт қауіпсіздігі шаралары

Ауданның, облыстың құрылыс объектілерінде барынша кең таралған себептерден болған өрттер мен тұтануларды талдау. Электр желілерін, электр жабдығын, электрмен жылыту және электрлі жарық беру құралдарын пайдаланудағы өрт қауіпсіздігі шаралары. Электрлік артық жүктемелердің, қысқа тұйықталулардың, күрделі ауыспалы қарсылықтардың мәні мен пайда болу себептері. Қыздыру шамдарының өрт қауіптілігі. Электр құрылғыларын қысқа тұйықталу және артық жүктемелерден қорғау шаралары. Автоматты және иілмелі сақтандырғыштар. Жылыту және қыздыру құралдарын, желдеткіш құрылғыларын пайдалану кезіндегі өрт қауіпсіздігі шаралары. Отпен жұмыстар жүргізу, ашық отты қолдану кезіндегі өрт қауіпсіздігі шаралары. Жаңадан құрылып және реконструкцияланып жатқан объектілердегі өрт қауіпсіздігі ерекшеліктері. Құрылыс алаңдарын ұстау (орман материалдарын, ағаш қалдықтарын сақтау тәртібі, уақытша қызметтік, тұрмыстық, қойма, және басқа үй-жайларды орналастыру). Тұрмыстық үй-жайларда, арнайы киім кептіргіштерінде және үй-жайларды кептіруге арналған уақытша пештерді, электр құрылғыларын, жылу генераторларын пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі шаралары. Құрылыс ағаштарына қойылатын талаптар. Ғимараттарға, құрылыстарға, су көздеріне, өрт сөндіру гидранттары аумақтарын, жолдарын, кіреберістерін ұстау және қатты, сұйық және газ тәрізді отынмен жұмыс істейтін пештерді, каминдерді, пайдалану кезінде өрт сөндіру құралдарына қол жеткізу, сондай-ақ тез тұтанғыш сұйықтықтармен жұмыс істеу. Эвакуациялау жолдарына қойылатын өрт қауіпсіздігі қағидаларының талаптары.

4-тақырып. Алғашқы өрт сөндіру құралдары. Қызметкерлердің өрт кезіндегі іс-қимылдары

Өрт сөндіргіштердің мақсаты, құрылысы және әрекет ету принципі. Оларды пайдалану және оларды тұтандыру немесе өртті сөндіруде қолдану қағидалары. Ішкі өрт сөндіру шүмектерінің мақсаты, құрылысы, жабдықталуы; оларды пайдалану қағидалары. Өрт сөндіру қалқандары және оларды жарақтандыру. Өрт сөндіру үшін өрт сөндіру құрал-сайманын және қосалқы құралдарды пайдалану қағидалары. Жаңадан салынып және реконструкцияланып жатқан құрылыстар мен ғимараттарды өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз ету нормалары. Қызметкерлердің өрт туындаған кездегі әрекеттері: өрт сөндіру көмегін шақыру, қолда бар құралдармен сөндіру, өрт орнына келген өрт сөндіру бөлімшесін қарсы алу және оларға еріп жүру. Өртеніп жатқан үй-жайлардан адамдар мен мүлікті эвакуациялауды ұйымдастыру және оның жүргізу тәртібі.

5-тақырып. Практикалық сабақтар

Өрт сөндіргішпен жұмыс істеу.

**Сынақ. Өрт-техникалық минимумы білімдерін тексеру
Адамдардың жаппай жиналатын объектілердің басшылары мен
өрт қауіпсіздігі үшін жауапты адамдарға арналған тақырыптық
жоспар мен үлгілік оқу бағдарламасы**

р/ с №	Тақырыптың атауы	Сағаттар саны
1	Өрт қауіпсіздігі талаптарын регламенттейтін негізгі нормативтік құжаттар	1
2	Тұрмыстық қызмет көрсету, сауда және қоғамдық тамақтандыру, емдеу, театр, ойын-сауық және мәдени-ағарту мекемелерінде, адамдар жаппай жиналатын ғимараттар мен бөлмелерде, базаларда, қоймаларда өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру	4
3	Тұрмыстық қызмет көрсету, сауда және қоғамдық тамақтандыру, емдеу, театр, ойын-сауық және мәдени-ағарту мекемелерінің, адамдар жаппай жиналатын ғимараттар мен бөлмелердің, базалар мен қоймалары бар ұйымдардың ғимараттары мен құрылыстарын пайдалану кезіндегі өрт қауіпсіздігі қағидаларының талаптары	4
4	Алғашқы өрт сөндіру құралдары, өрт кезіндегі әрекеттер	2
5	Практикалық сабақтар	3
Жалпы сағат саны		14

1-тақырып. Өрт қауіпсіздігі талаптарын регламенттейтін негізгі нормативтік құжаттар

Өрт қауіпсіздігі саласында негізгі нормативтік құқықтық актілерді зерделеу. Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты лауазымды адамдардың құқықтары, міндеттері, жауапкершілігі.

2-тақырып. Тұрмыстық қызмет көрсету, сауда және қоғамдық тамақтандыру, емдеу, театр, ойын-сауық және мәдени-ағарту мекемелерінде, адамдар жаппай жиналатын ғимараттар мен бөлмелерде, базаларда, қоймаларда өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру

Тұрмыстық қызмет көрсету, сауда және қоғамдық тамақтандыру, емдеу, театр, ойын-сауық және мәдени-ағарту мекемелеріндегі, адамдар жаппай жиналатын ғимараттар мен бөлмелердегі, базалардағы, қоймалардағы өрттер мен тұтанулардың негізгі себептерін қысқаша талдау. Өндірістік, әкімшілік, қойма және қосалқы үй-жайларында қатаң өртке қарсы режимді орнату және ұстау жөніндегі негізгі ұйымдастырушылық іс-шаралар. Ведомстволық бағынысты объектілердің (учаскелердің) өртке қарсы жағдайына жауапты лауазымды адамдардың міндеттері мен жауапкершіліктері. Өрт-техникалық комиссияның құру және жұмысын ұйымдастыру. Қызметкерлерге өндірісте және тұрмыста өрт қауіпсіздігі шараларын үйрету.

Адамдарды және материалдық құндылықтарды эвакуациялау жоспарын, өрт кезінде қызмет көрсету персоналының іс-қимылдары жоспарын және объектідегі (учаскедегі) өрт қауіпсіздігі шаралары туралы нұсқаманы әзірлеу.

3-тақырып. Тұрмыстық қызмет көрсету, сауда және қоғамдық тамақтандыру, емдеу, театр, ойын-сауық және мәдени-ағарту мекемелерін, адамдар жаппай жиналатын ғимараттар мен бөлмелердің, базалар мен қоймалары бар ұйымдардың ғимараттары мен құрылыстарын пайдалану кезіндегі өрт қауіпсіздігі ережелерінің талаптары

Өрт қауіпсіздігі қағидаларының жалпы талаптары: аумақтарды, ғимараттарды, үй-жайларды, жылыту, желдеткіш, түтін қуу, сигнализация және өрт сөндіру жүйелерін ұстау. Электр қондырғыларының өрт қауіптілігі. Жөндеу және от жұмыстарын жүргізу кезіндегі өртке қарсы режим.

Азық-түлік тауарларын сату ұйымдарындағы, азық-түлік қоймалары мен базаларындағы өрт қауіпсіздігі шаралары. Өрт қауіпті азық-түлік тауарларының қысқаша өрт сипаттамасы: өсімдік, мал және синтетикалық майлар, спирт арақ өнімдері, шөп, сіріңке және тағы басқа да жанғыш материалдар. Сақтау мен сату кезіндегі өрт қауіпсіздігі шаралары. Мұздату қондырғылары мен электр қозғалтқыштары бар механизмдерді пайдалану кезіндегі өрт қауіпсіздігі шаралары.

Базаларда, қоймаларда, дүкендерде және басқа да өнеркәсіптік тауарларды сату ұйымдарындағы өрт қауіпсіздігі шаралары. Тез тұтанғыш сұйықтықтар мен жанғыш сұйықтықты, жанғыш газды сақтау мен сату кезіндегі өрт қауіпсіздігі шаралары және қысқаша сипаттамасы. Еденге арналған мастика, тұрмыстық химия тауарлары, парфюмерлік өнімдерінің, оқ-дәрілердің, пистондардың және тағы басқа да тез тұтанғыш сұйықтықтар мен жанғыш сұйықтықтардың өрт қауіптілігі. Сауда залдары мен қосалқы үй-жайларда, қоймалар мен базалардағы өртке қарсы режим.

Қоғамдық тамақтандыру ұйымдарындағы өрт қауіпсіздігі шаралары. Тамақтану залдарында, цехтарда, қоймаларда, қойма, тұрмыстық және қосалқы үй-жайларда өрт қауіпсіздігі шаралары. Дәнекерлеу пештерін, қайнатқыштарды, мұздатқыш қондырғыларды, ас үй плиталары мен жабдықтарын пайдалану кезіндегі өртке қарсы іс-шаралар. Жаппай іс-шараларды жүргізу кезіндегі өрт қауіпсіздігі шаралары. Аумақтарды, ғимараттарды, гараждарды, шаруашылық құрылыстар мен эвакуациялау жолдарын ұстауға қойылатын өрт қауіпсіздігі қағидаларының талаптары. Жылыту және қыздыру құралдарын, электр қондырғыларын, радио және теледидарларды, сондай-ақ тез тұтанғыш сұйықтықтар мен жанғыш сұйықтықты, жанғыш газды ұсату және сақтау кезіндегі өрт қауіпсіздігі қағидалары. Өртті анықтау, құлақтандыру және сөндіру құралдары.

Тез тұтанғыш және жанғыш сұйықтықтардың өрт қауіптілігін анықтайтын негізгі факторлар. Жарылыс туралы түсінік. Тез тұтанғыш сұйықтықтар мен жанғыш сұйықтықты, жанғыш газды сақтау орындарына қойылатын талаптар. Өрт қауіпті сұйықтықтарды қабылдау, беру және пайдалану кезінде, отқа қарсы жұмыстар жүргізу кезіндегі өртке қарсы режим. Ғимараттардағы өртке қарсы режимі. Эвакуация жоспарларын әзірлеу. Өрт кезінде лифті пайдалану, эвакуациялау жолдарын ұстау. Көп қабатты ғимараттарда өрт таралуының ерекшелігі. Түтіндемейтін баспалдақ торлары.

4-тақырып. Алғашқы өрт сөндіру құралдары, өрт кезіндегі әрекеттер

Өрт сөндіргіштердің мақсаты, құрылысы және қолдану қағидалары. Ұйымдарды, базаларды, қоймаларды алғашқы өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз ету нормалары. Автоматты жүйелер: өрт туралы хабарлау, түтін жою және өрт сөндіру. Ішкі өрт сөндіру крандарының құрылысы мен пайдалану қағидалары. Өрт (тұтану) туындаған кезде қызметкерлердің қолда бар алғашқы өрт сөндіру құралдарымен жасайтын әрекеттері. Өрт сөндіру бөлімшелерін қарсы алу және оларға ілесіп жүру. Адамдар мен мүлікті эвакуациялауды ұйымдастыру және оны жүргізу тәртібі.

5-тақырып. Практикалық сабақтар

Персоналды эвакуациялауды ұйымдастыру. Өрт сөндіргішпен жұмыс істеу.

Сынақ. Өрт-техникалық минимумы білімдерін тексеру Пәтер иелері кооперативтерінің басшылары мен өрт қауіпсіздігі үшін жауапты адамдарға арналған тақырыптық жоспар мен үлгілік оқу бағдарламасы

р/с №	Тақырыптың атауы	Сағаттар саны
1	Өрт қауіпсіздігі талаптарын регламенттейтін негізгі нормативтік құжаттар	1
2	Тұрғын үйдегі өртке қарсы ұйымдастырушылық іс-шаралары	2
3	Алғашқы өрт сөндіру құралдары. Қызметкерлердің, пәтер жалдаушылардың және олардың отбасы мүшелерінің өрт туындаған кездегі әрекеттері	3
4	Практикалық сабақтар	3
Жалпы сағат саны		9

1-тақырып. Өрт қауіпсіздігі талаптарын регламенттейтін негізгі нормативтік құжаттар

Өрт қауіпсіздігі саласындағы негізгі нормативтік құқықтық актілерді зерделеу. Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты лауазымды адамдардың құқықтары, міндеттері, жауапкершілігі.

2-тақырып. Тұрғын үйдегі өртке қарсы ұйымдастырушылық іс-шаралары

Қоғамдық ғимараттардағы өрттерге қысқаша шолу жасау. Тұрғын секторларында болған анағұрлым сипатты өрттердің үлгілері. Оларды талдау, себептері. Мекеме басшыларының өрт қауіпсіздігі шараларын жүзеге асыру жөніндегі міндеттері. Өртке қарсы режимді орнату жөніндегі негізгі ұйымдастыру іс-шаралары.

3-тақырып. Алғашқы өрт сөндіру құралдары, автоматты өрт сигнализациясы мен өрт сөндіру қондырғылары. Өрт кезіндегі әрекеттер және өртке қарсы қызметті шақырту.

Алғашқы өрт сөндіру құралдары және тұтану кезінде оларды пайдалану. Автоматты өрт сигнализациясы мен өрт сөндіру қондырғылары. Көмір қышқылды, ұнтақты және аэрозоль өрт сөндіргіштердің мақсаты мен жұмыс істеу принципі. Ішкі өрт сөндіру қрандарының мақсаты мен пайдалану қағидалары. Өрт сөндіруде алғашқы өрт сөндіру құралдары мен өрт сөндіру құрал-саймандарын қолдану. Мекемелерді өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз ету нормалары. Қызметкерлердің өрт кезіндегі әрекеттері. Өрт сөндіру бөлімшелерін шақырту, оларды қарсы алу және оларға ілесіп жүру. Көп қабатты ғимараттардан эвакуациялауды жүргізу тәртібі. Қалын түтін басқан жағдайдағы әрекеттер. Үрей жағдайын алдын алу жөніндегі әрекеттер. Өрт кезінде зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету.

4-тақырып. Практикалық сабақ

Персоналды эвакуациялау жөніндегі оқу-жаттығуларды ұйымдастыру. Өрт сөндіргішпен жұмыс істеу.

Сынақ. Өрт-техникалық минимумы білімдерін тексеру.

Ұйымдардың қызметкерлері мен халықты өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту қағидаларына және өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту жөніндегі оқу бағдарламаларының мазмұнына қойылатын талаптарға
5-қосымша

**Өрт-техникалық минимумы көлемінде өрт қауіпсіздігі бойынша
білімдерді тексеру жөніндегі біліктілік комиссиясы отырысының
№ ___ хаттамасы**

(ұйымның толық атауы)

20__ ж. "___" _____

№__ бұйрығына (өкіміне) сәйкес біліктілік комиссиясы мынадай құрамда:

төраға _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), лауазымы) мүшелері:

1. _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), лауазымы)

2. _____

3. _____

4. _____

20__ ж. "___" _____ өрт-техникалық минимумы көлемінде
өртқауіпсіздігі бойынша емтихан қабылдап, мынадай нәтижелерді
анықтады:

р/с №	Білім алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)	Лауазымы	Ұйым (цех , учаске)	Оқыту себебі	Білімдерді тексеру жөніндегі белгі (өтті, өтпеді)	Қолы

Комиссия төрағасы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Комиссия мүшелері:

1. _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

2. _____

3. _____

4. _____

М.О. 20__ ж. "___" _____

Ұйымдардың қызметкерлері мен
халықты өрт қауіпсіздігі шараларына
оқыту қағидаларына және өрт
қауіпсіздігі шараларына оқыту
жөніндегі оқу бағдарламаларының
мазмұнына қойылатын талаптарға
6-қосымша

НЫСАН

**Өрт-техникалық минимумы көлемінде
өрт қауіпсіздігі саласындағы білімдерді тексеру
бойынша біліктілік куәлігі (ішкі беті, сол жағы)**

(ұйымның толық атауы)

Өрт-техникалық минимум бойынша

№ _____ біліктілік куәлігі

Берілді _____	

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)	Түрлі түсті сурет (3x4)
Лауазымы _____	

Жұмыс орны _____	

(ішкі беті, оң жағы және келесі беттері)

Білімін тексеру туралы мәліметтер

Ол _____ біліміне емтихан тапсырды

Негіздеме: 20__ ж. _____ № _____ хаттама

20__ ж. _____ дейін жарамды

Басшы _____

(оқу орталығының) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

М.О.

